

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2023 жылғы 17 қазан

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мына құрамдағы Үлкен алқасы:

төрағалық етуші, баяндамашы судья Э.В. Айриян,
судьялар А.М. Ажибраимова, Ж.Н. Бәйішев, Д.Г. Колос, Т.Н. Нешатаева, В.Х. Сейтімова, Г.А. Скрипкина, А.Э. Туманян, А.А. Федорцов, К.Л. Чайка,

сот отырысының хатшысы В.В. Винниктің қатысуымен,
іс материалдарын зерделеп, баяндамашы судьяны тыңдап,
Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 46, 47, 50, 68, 69, 73-75, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 14, 19, 72, 75, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Беларусь Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың ережелеріне және Одақ құқығына кіретін жекелеген шешімдерге түсініктеме беру туралы өтініші бойынша мынадай консультативтік қорытынды береді.

1. Өтініш берушінің сұрағы

Беларусь Республикасының атынан Әділет министрлігі (бұдан әрі – Өтініш беруші) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі — Одақ, Шарт) № 2 қосымша болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 46-тармағы негізінде Еуразиялық экономикалық одақтың Сотына (бұдан әрі – Сот) Шарттың ережелеріне және Одақ құқығына кіретін жекелеген шешімдерге түсініктеме беру туралы өтінішпен жүгінді.

Шарттың 58-бабының 6-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес ветеринариялық бақылаудағы (қадағалаудағы) тауарлар бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес тасымалданады. Егер Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі — Комиссия) өзгеше айқындамаған болса, көрсетілген тауарлардың

ветеринариялық сертификаты ілесе жүреді. Шарттың 58-бабының 6-тармағының екінші бөлігі мүше мемлекеттердің Комиссия бекітетін бірыңғай нысандар бойынша ветеринария саласындағы уәкілетті орган беретін ветеринариялық сертификаттарды өзара тануын көздейді.

Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы №317 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында ветеринариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асырудың бірыңғай тәртібі туралы ереженің (бұдан әрі — Бірыңғай тәртіп туралы ереже) 4.4 және 4.5-тармақтарында бақылаудағы тауарларды Одақтың кедендік аумағы шегінде өткізу (тасымалдау) кезінде уәкілетті органдардың рұқсаты талап етілмейтіндігі; мүше мемлекеттердің бірінің уәкілетті органы берген тауарлардың қауіпсіздігін растайтын ветеринариялық сертификаттардың қайта ресімделмейтіні және осы мақсатта Одақтың кедендік аумағында өндірілген (өсірілген) бақылаудағы тауарларға қайта зертханалық зерттеулер (сынақтар) жүргізілмейтіні белгіленген.

Шарттың 56-бабының 4-тармағына сәйкес әрбір мүше мемлекеттің уақытша санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды әзірлеуге және енгізуге құқығы бар.

Мүше мемлекеттер тиісті халықаралық ұйымдардан, мүше мемлекеттерден, сондай-ақ үшінші елдерден үшінші елдердің немесе мүше мемлекеттердің аумақтарында эпизоотиялық жағдаяттың нашарлауы туралы ресми ақпарат алған жағдайда, уақытша ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар мен шараларды әзірлеуге және енгізуге құқығы бар (Шарттың 58-бабының 8-тармағы).

Өтініш беруші қазіргі уақытта Одақ құқығы "уақытша ветеринариялық-санитариялық шаралар", "уақытша ветеринариялық-санитариялық шараларды енгізудің негіздемесі" және "уақытша ветеринариялық-санитариялық шаралардың мазмұны" ұғымдарының айқындамасын қамтымайды деп пайымдайды. Бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар мен шаралардың мазмұнына қатысты мәселелер уақытша ветеринариялық

(ветеринариялық-санитариялық) талаптар мен шаралардан айырмашылығы Одақ құқығымен, атап айтқанда, Кеден одағы Комиссиясының аталған шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптармен реттелген.

Өтініште Беларусь Республикасының аумағында эпизоотиялық саламаттықты қолдау қажеттігіне негізделетін уақытша ветеринариялық-санитариялық шара ретінде Беларусь Республикасы Министрлер Кеңесінің 2013 жылғы 29 тамыздағы "Шошқалардың африкалық обасын және жануарлардың басқа да қауіпті ауруларын жою және олардың таралуына

жол бермеу жөніндегі қосымша шаралар туралы" № 758 қаулысы қабылданғаны көрсетіледі. Ресей Федерациясынан келіп түсетін тауарларға қатысты ветеринариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асырудың уақытша тәртібі туралы көрсетілген қаулымен бекітілген ереженің 4 және 6-тармақтарында әкелуге рұқсат беру және ветеринариялық сертификаттарды қайта ресімдеу рәсімі көзделген.

Өтініш беруші мыналарға түсініктеме беруді өтінеді:

1) Шарттың 56-бабының 4-тармағы (уақытша шаралар), 58-бабының 8-тармағы (уақытша шаралар мен талаптар) ережелерінің Шарттың 58-бабы 6-тармағының екінші бөлігімен (бірыңғай талаптар) және Ереженің 4.4 және 4.5-тармақтарымен арақатынасы;

2) әкелуге рұқсат беруді және ветеринариялық сертификаттарды қайта ресімдеуді Одақтың басқа мүше мемлекеттеріне қатысты қолдану уақытша ветеринариялық-санитариялық шараға жата ма?

Соттың Үлкен алқасының 2023 жылғы 12 маусымдағы қаулысымен Беларусь Республикасының өтініші сот ісін жүргізуге қабылданды.

2. Соттың тұжырымдары

2.1. Шарт 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының (бұдан әрі — Вена конвенциясы) 31-бабының 1-тармағына сәйкес шарт терминдеріне олардың түпмәтінінде, сондай-ақ шарттың объектісі мен мақсаттары тұрғысынан берілгені жөн болатын әдеттегі мағынаға сәйкес адалдықпен түсіндірілуге тиіс.

Соттың Үлкен алқасы Шарттың кіріспесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің экономикасын нығайтуға және олардың үндесімді дамуы мен жақындасуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ іскерлік белсенділіктің орнықты өсуіне, теңдестірілген сауда мен адал бәсекелестікке кепілдік беруге деген ұмтылысы бекітілгенін атап өтеді.

Шарттың 1-бабына сәйкес Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы, осы Шартпен және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен айқындалған экономика салаларында үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясат жүргізу қамтамасыз етіледі.

Шарттың 3-бабына сәйкес Одақтың жұмыс істеуінің негізгі қағидаттары қатарына мүше мемлекеттердің өзара тиімді ынтымақтастығын, тең құқылығын және ұлттық мүдделерінің ескерілуін қамтамасыз ету кірістірілген.

Шарттың 4-бабына сәйкес Одақтың негізгі мақсаттарының бірі деп Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың және еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыруға ұмтылыс

айқындалған.

Одақтың ішкі нарығында тауарлар қозғалысының еркіндігін іске асыру мақсатында мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының актілеріне өзара сенім қолданылады (Ресей Федерациясының өтініші бойынша 2017 жылғы 21 ақпандағы ЕАЭО Сотының іс жөніндегі шешімі).

Шартта тауарлардың ішкі нарығының жұмыс істеу тәртібінен тыс айрықшалықтар көзделген. Шарттың 29-бабының 1-тармағының 1, 3 — 4-тармақшаларына сәйкес мүше мемлекеттер өзара тауарлар саудасында шектеулер қолдануға (мұндай шаралар ақталмаған кемсітушілік құралы немесе сауданы жасырын шектеу болып табылмайтын жағдайларда), егер мұндай шектеулер адамның өмірі мен денсаулығын сақтау, жануарларды қорғау үшін қажет болған жағдайда, құқылы.

Осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша Шарттың 29-бабының 3-тармағының нормасына орай тауарлардың жекелеген санаттарының айналымы шектелуі мүмкін.

Тауарлардың өзара саудасындағы шектеулер жөнсіз кемсітушіліктің немесе сауданың жасырылған шектеулерінің құралы болмауы керек, сондай-ақ тепе-теңдік қағидатына сай болуға тиіс (Соттың 2017 жылғы 30 қазандағы Консультативтік қорытындысының 7-тармағының 6-абзацы).

Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолданудың жалпы қағидаттары Шарттың XI бөлімінде бекітілген.

Шарттың 56-бабының 1-тармағына сәйкес санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар ғылыми негіздемесі бар қағидаттар негізінде және бұл адам өмірі мен денсаулығын, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау үшін қажет болатын дәрежеде ғана қолданылады.

Шарттың 56-бабының 2 — 3-тармақтарына сәйкес Одақ шеңберінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттығын, сондай-ақ ветеринариялық-санитариялық, карантиндік фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану саласында келісілген саясат жүргізіледі.

ЕАЭО-да ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану Шарттың XI бөлімінде, сондай-ақ Шартқа №12 қосымша болып табылатын Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану туралы хаттамада (бұдан әрі — Хаттама) регламенттелген.

Шарттың 56-бабының 4-тармағы және 58-бабының 8-тармағы Одақ шеңберінде адамның, жануарлар мен өсімдіктердің өмірі мен денсаулығын қорғау негіздері бойынша тауарлардың өзара саудасына жол берілетін шектеулердің қатарына, соның ішінде тауар шығарылған елдің құзыретті

органы енгізетін уақытша санитариялық, ветеринариялық-санитариялық шаралар мен талаптарды жатқызады.

Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы "Еуразиялық экономикалық одақта ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" № 317 шешімімен (өзгерістерімен және толықтыруларымен) "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында ветеринариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асырудың бірыңғай тәртібі туралы ереже" (бұдан әрі — Бірыңғай тәртіп туралы ереже) бекітілген.

Бірыңғай тәртіп туралы ереженің 1-тармағының 1.2-тармақшасының екінші абзацына сәйкес, осы құжат адамның және жануарлардың денсаулығына қауіпті бақылаудағы тауарларды Одақтың кедендік аумағына әкелуге және өткізуге (тасымалдауға) жол бермеу мақсатында Одақтың кедендік шекарасында және Одақтың кедендік аумағында бақылаудағы тауарларға ветеринария саласында жұмыс істейтін Одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары мен мекемелерінің бақылауды жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

Бірыңғай тәртіп туралы ереженің 1-тармағының 1.4-тармақшасына сәйкес оның талаптары Одаққа мүше мемлекеттердің атқарушы билік органдары мен барлық заңды және жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

2.2. Соттың Үлкен алқасы Шарттың ережелері мен Одақ құқығының зерттелетін актілерінің өзара байланысты оқылуын негізге ала отырып, Өтініш берушінің сұрақтары "уақытша ветеринариялық-санитариялық шаралар", "ветеринариялық-санитариялық шараларды енгізудің негіздемесі", "уақытша ветеринариялық-санитариялық шаралардың мазмұны" ұғымдарына түсінік беру қажеттігімен байланысты екенін атап өтеді.

Соттың Үлкен алқасы Бірыңғай тәртіп туралы ереженің 2.2-тармағын ескере отырып, Бірыңғай тәртіп туралы ережеде арнайы айқындалмаған терминдер басқа халықаралық шарттарда, соның ішінде Одақ шеңберінде жасасылған шарттарда белгіленген мағынада пайдаланылатынын тиянақтап көрсетеді.

Хаттаманың 2-тармағына сәйкес ветеринариялық-санитариялық шаралар деп жануарлар ауруларының алдын алу және халықты адамдар мен жануарларға ортақ аурулардан қорғау мақсатында туындайтын тәуекелдерге байланысты, соның ішінде оларды жануарлар жемшөппен, шикізатпен және жануарлардан алынатын өніммен, сондай-ақ Одақтың кедендік аумағы шегінде оларды тасымалдайтын көлік құралдары жеткізген немесе таратқан жағдайда қолданылатын орындалуы міндетті

талаптар мен рәсімдер түсініледі.

Соттың Үлкен алқасы орыс тілінің түсіндірме сөздіктерінде кездесетін "уақытша" ұғымы дәлме дәл мағынасында түсіндірілуі мүмкін деп пайымдайды. С.И. Ожегов пен Н.Ю. Шведованың түсіндірме сөздігі "уақытша" сөзінің мағынасын тұрақты емес, болып тұратын немесе біршама уақыт қолданылатын деп айқындайды.

Шарттың XI бөлімінің түпмәтінінде "уақытша" сөзін құқықтық мазмұн көлеміне сәйкес әдеттегі мағынада қолдану оның уақыт бойынша шектеулі іс-әрекеті, іс-әрекеттің аяқталуының алдын-ала айқындалған сәті сияқты сипаттамасын бағамдайды.

Құқықтық айқындылық мақсаты үшін Соттың Үлкен алқасы Комиссия Кеңесінің 2023 жылғы 9 қарашада күшіне енетін "Уақытша санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды енгізу кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының өзара іс-қимыл тәртібіне өзгерістер енгізу туралы" 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 99 шешіміне (бұдан әрі — ЕЭК Кеңесінің № 99 шешімі) "уақытша ветеринариялық-санитариялық шаралар" ұғымының айқындамасын қамтитын акт ретінде қосымша жүгінуге болады деп пайымдайды.

Шарттың 56-бабы 4-тармағының және 58-бабы 8-тармағының, Комиссия Кеңесінің № 99 шешіміне қосымшаның 1-тармағының мағынасы бойынша уақытша ветеринариялық-санитариялық шараларды енгізу үшін мына жағдайларды сақтау:

1) тиісті халықаралық ұйымдардан, мүше мемлекеттерден, сондай-ақ үшінші елдерден үшінші елдердің немесе мүше мемлекеттердің аумақтарындағы эпизоотиялық жағдаяттың нашарлауы туралы ресми ақпараттың түсуін;

2) шараны қолданудың ақылға қонымды кезеңін көрсету қажет.

2.3. Соттың Үлкен алқасы Шарттың 56-бабының 4-тармағының екінші абзацының ережелерін іске асыру мақсатында 2016 жылғы 16 мамырда Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Уақытша санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды енгізу кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібі туралы" (бұдан әрі — Өзара іс-қимыл жасау тәртібі) №149 шешімі қабылданғанын тиянақтап көрсетеді.

Шарттың 58-бабының 8-тармағына және 56-бабы 4-тармағының бірінші абзацына сәйкес мүше мемлекет уақытша ветеринариялық-санитариялық шараларды әзірлеуге және енгізуге құқылы.

Өзара іс-қимыл жасау тәртібінің 3-тармағына сәйкес уақытша ветеринариялық-санитариялық шара енгізілген кезде тиісті шешім

қабылдаған мүше мемлекеттің уәкілетті органы бұл туралы негізсіз кідіртпей басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын уақытша ветеринариялық-санитариялық шараны енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап 1 жұмыс күнінен кешіктірмей, сондай-ақ Комиссияны мұндай шешім қабылданған күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді. Уақытша ветеринариялық-санитариялық шараларды енгізу туралы ақпарат мына мәліметтерді өзіне кірістіреді:

- а) шараны енгізу үшін негіз;
- б) шараны енгізу қажеттігінің негіздемесі;
- в) енгізілетін шараның мазмұны (сипаттамасы);
- г) шараны енгізу күні.

Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы "Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық шаралардың баламалылығы туралы және тәуекелді бағалауды жүргізу туралы" № 835 шешімінің 16-тармағына сәйкес мүше мемлекеттер, егер мұндай айырмашылықтар кемсітушілікке немесе сауданы жасырын шектеулерге әкеп соғуы мүмкін болса, әртүрлі жағдаяттарда айқындалатын қорғау деңгейлерінің даулы және негізсіз айырмашылықтарынан аулақ болуға тиіс.

2.4. Шарттың 56-бабының 4-тармағы мен 58-бабының 8-тармағы ережелерінің Шарттың 58-бабы 6-тармағының 2-бөлігінің және Бірыңғай тәртіп туралы ереженің 4.4 және 4.5-тармақтарының ережелерімен арақатынасы туралы мәселе бойынша Соттың Үлкен алқасы мынаны тиянақтап көрсетеді.

Шарттың 56-бабы санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолданудың жалпы қағидаттарын регламенттейтін нормаларды қамтиды.

Шарттың 56-бабы 1-тармағының екінші абзацында Одақ шеңберінде қолданылатын санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар тиісті халықаралық және өңірлік стандарттар, нұсқамалар және (немесе) ұсынымдар базасындағы шараларға қарағанда, санитариялық, ветеринариялық-санитариялық немесе карантиндік фитосанитариялық қорғаудың неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз ететін, тиісті ғылыми негіздеменің негізінде санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізілетін жағдайларды қоспағанда, халықаралық және өңірлік стандарттарға, нұсқамаларға және (немесе) ұсынымдарға негізделетіні белгіленген.

Шарттың 56-бабы 4-тармағының ережелерімен уақытша санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды әзірлеу және енгізу құқығы мүше

мемлекеттердің құзыретіне жатқызылған.

Комиссия құзыретіне уақытша санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды енгізу кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының өзара іс-қимыл жасасу тәртібін бекіту жатқызылған. Сөйтіп, Одақ құқығының көрсетілген нормалары мүше мемлекеттер мен Комиссияның жүргізу нысаналарын ажыратады, бұл мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының актілеріне өзара сенімнің болуын білдіреді.

Шарттың 58-бабының ережелері ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану талаптарын нақтылайды. Көрсетілген баптың 1-тармағына орай аталған шаралар Комиссия бекітетін ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлардың бірыңғай тізбесіне кіргізілген, Одақтың кедендік аумағына әкелінетін және Одақтың кедендік аумағында өткізілетін тауарларға (соның ішінде жеке пайдалануға арналған тауарларға) қатысты, сондай-ақ ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерге қатысты қолданылады.

Тауарлардың бірыңғай тізбесі Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы "Еуразиялық экономикалық одақта ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" № 317 шешімімен бекітілген.

Шарттың 58-бабының 6-тармағының бірінші абзацына сәйкес ветеринариялық бақылаудағы (қадағалаудағы) тауарлар бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес тасымалданады. Егер Комиссия өзгеше айқындамаған болса, көрсетілген тауарлардың ветеринариялық сертификаты ілесе жүреді. Бірыңғай тәртіп туралы ереженің 4.1-тармағында осыған ұқсас норма көзделген.

Хаттаманың 2-тармағына сәйкес ветеринариялық сертификат деп ветеринария саласындағы уәкілетті орган немесе үшінші елдің құзыретті органы әкелуге, өткізуге (тасымалдауға) жататын ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларға беретін әрі олардың ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан қауіпсіздігін және (немесе) жануарлардың жұқпалы аурулары, соның ішінде адамдар мен жануарларға ортақ аурулар бойынша осы тауарларды өндіру орындарының әкімшілік аумақтарының саламаттығын куәландыратын құжатты білдіреді.

Шарттың 58-бабының 6-тармағы 2-абзацының нормасы мүше мемлекеттердің ветеринария саласындағы уәкілетті органдар беретін ветеринариялық сертификаттарды өзара тануын белгілейді және Комиссияға осындай сертификаттардың бірыңғай нысандарын бекітуге құқықтылық беру бөлігінде сілтемелік сипатта болады.

Шарттың көрсетілген нормасын содан соңғы нақтылау Бірыңғай тәртіп туралы ережеде белгіленген.

Бірыңғай тәртіп туралы ереженің 4.4-тармағының нормасына орай ветеринариялық сертификаттарды ресімдеу бақылаудағы тауардың шығарылған аумағының эпизоотиялық саламаттығы және оның Бірыңғай ветеринариялық талаптарға сәйкестігі жағдайында көлік құралының тиеу және ветеринариялық-санитариялық жай-күйін бағалау кезінде бақылаудағы тауарларды тексеріп қарау (қарап-тексеру) нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Бақылаудағы тауарларды Одақтың кедендік аумағы шегінде өткізу (тасымалдау) кезінде уәкілетті органдардың рұқсаты талап етілмейді.

Бірыңғай тәртіп туралы ереженің 4.5-тармағымен мүше мемлекеттердің бірінің уәкілетті органы берген тауарлардың қауіпсіздігін растайтын ветеринариялық сертификаттарды қайта ресімдеу және осы мақсатта Одақтың кедендік аумағында өндірілген (өсірілген) бақылаудағы тауарларға қайта зертханалық зерттеулер (сынақтар) жүргізу жүзеге асырылмайтыны белгіленген.

2.5. Баяндалғандардың негізінде Соттың Үлкен алқасы мынадай түсініктеме береді.

1) Шарттың 56-бабы 4-тармағының, 58-бабы 8-тармағының ережелері Шарттың 58-бабы 6-тармағының екінші бөлігінің, Бірыңғай тәртіп туралы ереженің 4.4-4.5-тармақтарының ережелерімен құқықтық реттеудің ортақ нысанасы бар — Шарттың XI бөліміне сәйкес келетін санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар ретінде өзара қатынасты.

2) Одаққа мүше мемлекеттің Одаққа мүше басқа мемлекеттерге қатысты әкелуге рұқсаттарды және ветеринариялық сертификаттарды қайта ресімдеуді қолдануы уақытша ветеринариялық-санитариялық шараға жатпайды.

3. Қорытынды ережелер

Консультативтік қорытындының көшірмесі Өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытындының мәтіні Соттың ресми интернет-сайтында жариялансын.

Төрағалық етуші,
Баяндамашы судья

Э.В. Айриян

Судьялар

А.М. Ажибраимова

Ж.Н. Бәйішев

Д.Г. Колос

Т.Н. Нешатаева

В.Х. Сейтимова

Г.А. Скрипкина

А.Э. Гуманян

А.А. Федорцов

К.Л. Чайка